

**ХАТТАМА**  
**№91 мектеп гимназиясы**  
**Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі**

Күні: 04.10.2021 жыл

Сағат: 10.00

Қатысқандар:22

**Күн тәртібі**

1. Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күресу бойынша заңнамамен таныстыру
2. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Кіріспе сөз.**

№91 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тулькубаева Алия Ондашевна мектеп парламент оқушыларына Сыбайлас жемқорлық қарсы іс қимыл туралы заңмен таныстырды.

**Тыңдалды.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия, сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдыңғы алты мемлекеттік бағдарламаны орындау тәжірибесін өзіне қабылдап, түбегейлі түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамалық басымдықты өзгертті. Онда сапалы жаңа деңгейге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруда барлық тарту сұрақтары енгізілді, яғни қоғамдағы және азаматтық қоғамдастықтар тартылды. 2017 жыл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның бірінші кезеңін жүзеге асырудың қорытындылаған жыл болды, бұл үш жылдықта Қазақстанда жаңартылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың алғашқы қорытындысын бағалауға мүмкіндік берілді.

**Тыңдалды.**

Біздің ел - ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші және бірден-бір мемлекет. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының нысандылығы мен тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жеке бақылауында тұрғандығына негізделген. Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық құралдары қызу пікір таластарын туғызу үстінде. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады. Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік